




БҮГІНГІ САНДА

ТАҒЫЛЫМ



АҒАРТУШЫ
С.ӘДІЛХАНҰЛЫ

3

БІЛІМ



БІЛІКТІ
ҰСТАЗ...

5

ХАБАРЛАР.ЖАҒАЛЫҚТАР



ШАХМАТТАН
ЖЕҢІМПАЗ

8

Облыстық қоғамдық-саяси газет

МАҢҒЫСТАУ

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады



mangystaumedia.kz

АУА РАЙЫ

Ақтау
Жаңаөзен
Форт-Шевченко

ТҮН	КҮН
+14	+24
+12	+25
+16	+21

№28 (10328) 11 сәуір, бейсенбі, 2024 жыл

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ ӨТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 қаулысы

1. Материалдық залал келтірілген зардап шегушілер ТЖ туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жергілікті атқарушы органға (әкімдік) материалдық залалды өтеу туралы өтініш береді. Жәбірленушінің өзінің өтініш жазуға мүмкіндігі болмаған жағдайда оның туыстары немесе сенімхат негізінде өзге де адамдар, сондай-ақ егер жәбірленуші кәмелеттік жасқа толмаған болса, заңды өкілдері келтірілген зиянды (залалды) өтеу туралы өтінішпен жүгіне алады. Келтірілген залалды өтеу туралы өтінішке: зардап шегуші адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; табиғи сипаттағы ТЖ туындаған сәттен бастап немесе ТЖ жою кезеңінде зардап шеккен адамның жоғалған және/немесе

бүлінген мүлкінің тізбесі қоса беріледі.
2. Өтініштер мен құжаттарды тіркеуді әкімдік зардап шегушіге құжаттардың қабылданғанын растайтын қолхат бере отырып, материалдық залалды өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында жүргізеді.
3. Материалдық залалды өтеу туралы өтініш әкімдікке құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралады.
4. Әкімдік өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде бағалаушыны тарта отырып, келтірілген залалдың мөлшерін бағалауды (өтініш берушінің мүлкіне қолжетімділік болуға тиіс) ұйымдастырады. Жәбірленуші бағалау жүргізілетін уақыт пен орынды анықтайды, кейін жәбірленуші бағалау туралы есеппен танысуға тиіс.

5. Әкімдік бағалаушы қорытынды шығарғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген қаражат бөлу туралы шешім қабылдайды.
6. Зардап шеккендерге төлем тиісті шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырылады. Мүлікті толыққанды әрі сапалы бағалау үшін сарапшылардың жұмысы су тасқыны жағдайы тұрақталып, үйлер мен аула аумақтарынан су толығымен тартылғаннан кейін басталады. Жергілікті атқарушы органдарға қажет болған жағдайда өтініштерді қабылдау мерзімін ұзарту тапсырылды.

КӨРШІ АҒАЙЫНҒА КӨМЕК ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Маңғыстау облысы бойынша ашылған эвакуациялық пункттер Атырау облысынан келген азаматтарды қабылдауды жалғастырып жатыр. Жаңаөзен қаласы бойынша эвакуациялық қабылдау пункттері: №2, 4, 8, 14, 15, 18, 19, 21, 22, 23 жалпы білім беретін мектептер, Білім-инновациялық лицейі, Каспий жоғары педагогика және салалық технологиялар колледжі, Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі, Политехникалық колледж, Медициналық колледж, «Рай», «Жазиро» қонақ үйлері. Жаңаөзен қаласы бойынша 24/7 CALL-орталық жұмыс істейді. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің CALL-орталық байланыс нөмірі: 8 (72934) 78 5 34

Ескеретін жөйт, Жаңаөзен қаласының Мұнайшы мәдениет үйінде келуші тұрғындарды тіркейтін, бағыт-бағдар беретін біріктірілген тіркеу орталығы ашылды. Келуші тұрғындар осы орталыққа келіп тіркелуі қажет. Бірыңғай тіркелу орталығының мекен-жайы: 3-ш/а, Мұнайшы мәдениет үйі.

Ақтау қаласындағы эвакуациялық орталықтарда адам саны толуына байланысты Атырау облысынан эвакуацияланғандарға аудандарға орналасу ұсынылған болатын. «Атырау облысындағы жағдайды және азаматтарды эвакуациялауды ескере отырып, біз әр ауданда және қалада эвакуациялық пункттердің шектеулі санын құрдық. Маңғыстау облысы бойынша эвакуациялық пункттерде барлығы 12 787 орын құрылды, онда 9 079 орын бос. Бірінші кезеңде Ақтаудың эвакуациялық пункттерінде дайындалған орындар толтырылды. Осы жағдайға түсіністікпен қарауды сұраймыз. Уақытша баспанаға мұқтаж адамдарға Түпқараған, Қарақия, Мұнайлы және Маңғыстау аудандарына, сондай-ақ

Жаңаөзенге баруға кеңес береміз», – деді Маңғыстау облысының жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғау басқармасы басшысының орынбасары Кенжебек Бекмағанбетов.

Осыған орай Мұнайлы ауданында Маңғыстау ауылының №1,5,8,11 жалпы білім беретін мектептері эвакуациялық пункт ретінде азаматтарды қабылдауда. Маңғыстау ауданының Шетпе, Сайөтес, Жаңғылды, Оңды, Жармыш, Ұштаған, Тұшыбек, Шайыр, Шебір, Тұшықұдық, Қызан, Ақшымырау ауылдарынан да эвакуациялық пункттер ашылды. Сондай-ақ Қарақия ауданының Құрық, Жетібай, Мұнайшы, Құланды, Бостан, Сенек ауылдары, Түпқараған ауданының Ақшұқыр ауылы, Сайын Шапағатов ауылдары мен Форт-Шевченко қаласы, Баутино ауылы, Таушық ауылы, Қызылөзен ауылдарында ашылған эвакуациялық пункттер су тасқынынан зардап шегушілерді қабылдауға дайын.

Өз тілшіміз.



Құрметті маңғыстаулықтар!
Баршаңызды мұсылманның ұлық мерекесі – Ораза айт мейрамының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке иманды күшейтіп, адамдарды жақсылыққа, қайырлы іс жасауға жетелейді. Ораза айт мейрамы мейірімділіктің, игіліктің, бірліктің, қайырымдылықтың мерекесі саналады. Бірлік пен татулыққа біріктіретін, жүрегімізді мейірім мен жасампаздыққа шақыратын ұлық мерекеде баршаңызға мықты денсаулық пен бақ-береке, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Қадірлі ағайын!

Биыл Ораза айт еліміздің бірқатар өңірлерін қамтыған табиғи апат күндерімен қатар келді. Біз қиын ахуалды еңсеру жолында халқымыздың бірігіп әрекет жасағанына куә болып отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, осы қиын сәтте еліміздің бірлігі мен ауызбіршілігі бұрынғыдан да маңызды.

Осындай сын сағатта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл қиын күндерден де шығамыз. Жаратқан тұтқан оразамаз бен жасаған құлшылығымызды және сауапты істерімізді қабыл етіп, келер жылғы Рамазан айына аман-есен жетуімізді нәсіп етсін.

Еліміздің ауызбіршілігін арттырып, тыныштығымызды тұрақты қылғай!

Құрметпен, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан НОҒАЕВ.



МАҢҒЫСТАУДЫҢ АРҚАРЫ — МАҢ ДАЛАНЫҢ АЖАРЫ

Анаргүл ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ

ТҮЗ АРҚАРЫ – ҚҰТ ПЕН КИЕ БЕЛГІСІ

Ұшар таудың басында тұрып ұлы даланы көз ұшымен шолғандай, айналаға оқшырая қарайтын Маңғыстау арқарының маңғаз қалпын сирек болса да көретініміз бар. Осы көрініс көзге табиғаттың әдемі тұтастығын, тау мен тастың тұз тағысымен үйлесімді жарасымын көрсетеді. Шаңырақтай мүйізін шайқалта басқан, сезік алса үркіп, үдере қашқан, шың мен шатқалды мекен еткен үстірт арқарлары мынау маң далаға көрік берген киеміз еді. «Жарықтық-ай» дейтін атам еміреніп. «Жан-жануарым, жақсылыққа көрін» дейтін әжем өзінше жорып.

Бір кездері биік белестерде үйірімен жеңкіліп жүретін олардың саны азайып, Қызыл кітапқа да енді. Адамдардың көңілінен ынсап, жүрегінен мейірім кеткенін аң екеш

аң да сезеді. Аяусыздық мен қиянаттың қатерінен ең даланың еркесінің қатары селдіреп, саны саусақпен санарлықтай сиреп те кетті. Санақ бойынша 2005 жылы үстірт арқарының саны бар-жоғы 320-ға жуық болған екен.

Алайда соңғы жылдары аң-құсты аялап ұстаған алақанның арқасында мемлекетіміздің заңмен бекіткен тәртіп-талабының күшімен Маңғыстау арқарларының саны көбейіп келе жатыр. Маңғыстаудың мүйізді тағысын мылтықтың нысанасына байлатпай, көзіміздің қарашығындай сақтауға көңіл бөлінгелі арқарлардың өсімі өлкеге сән беріп тұр. Әрбір аң мен құсты қорғауға алу да, табиғатты тоздыру да қолымызда екенінің бір дәлелі бұл.

2-БҒТ.

КЕЛЕСІ САНДА:

Теріскейге көш: ҚАНДАСТАРҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ?

ӨМІР АЖЫРАСУМЕН АЯҚТАЛМАЙДЫ